

ҒЫЛЫМИ ӨМІР
SCIENTIFIC LIFE
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Т.Ә. Төлебаев

тарих ғылымдарының докторы, профессор

ЖАҢА КӨЛЕМДІ ТАРИХНАМАЛЫҚ ЕҢБЕК

Қазақ тарихының көптеген мәселелері әлі де айқындауды, тереңдете зерттеуді қажет ететін кезеңдерінің бірі ежелгі дәуірлер тарихы. Сонау палеолиттен бастап ерте темір дәуіріне дейінгі орасан зор хронологиялық кезеңді қамтитын бұл дәуір мәселелері көптеген мамандық иелерінің зерттеулеріне арқау болып келеді. Өйткені бұл дәуір туралы деректер тастағы таңбалар мен суреттер, қоныстар, елді-мекендер, қалалар мен архитектуралық ескерткіштер, жерлеу орындары сияқты заттай деректер мен жазбаша мәліметтер арқылы зерттеліп, айқындалады. Сондықтан да археологтардың, этнологтардың, тарихшылардың ғана емес лингвистердің, филологтардың, архитекторлардың, теологтардың, мәдениеттаушылардың, антропологтардың, философтардың, биологтардың және т.б. ғылым салалары өкілдерінің еңбектерінен орын алуда. Мұның барлығы ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасын зерттеудің өте күрделі әрі маңызды екендігін айқындайды. Соған қарамастан біздің қолымызға тарих ғылымдарының докторы, профессор Д.С. Байгунаковтың «Ежелгі қазақстан тарихының тарихнамасы» атты көлемді монографиясы тиіп отыр. Бұл еңбектің қажеттілігі мен маңызы мына төмендегілерде:

1. Орасан зор хронологиялық аумақтың тарихы тарихнамалық тұрғыда кешенді түрде зерттелген тұңғыш еңбек екендігінде;

2. Жоғарыда атап көрсетілген көптеген мамандық иелерінің жалпы саны 910 болатын еңбектерінің тарихнамалық дерек ретінде ғылыми айналымға ендірілуінде;

3. Еңбектің құрылымдық жүйесі мен мазмұндалуының ерекшелігінде:

а) Тас, эолит, қола және ерте темір дәуірлерінің әрқайсысының теориялық-методологиялық мәселелеріне тарихнамалық талдау жасалған;

ә) аталған дәуірлердің әрқайсысы бойынша археологиялық зерттеулер нәтижесіндегі еңбектермен қатар жазбаша мәліметтер мен еңбектер

де тарихнамалық дерек ретінде зерттелген;

б) археологиялық мәдениеттер мен ескерткіштердің кезеңдестірілуі туралы мәселелерге тұңғыш рет кешенді және арнайы тарихнамалық талдау жасалып, маңызды ұсыныстар берілген;

в) ежелгі Қазақстан тұрғындарының келбеті, антропологиясы, рухани өмірі, діни наным-сенімдері, қоғамдық құрылысы мен мемлекеттілігі мәселелері арнайы тарихнамалық талдау объектісі болған;

г) ерте темір дәуіріндегі тайпалар мен этнонимдер, қалалар, олардың орналасу ерекшеліктері туралы ойлар мен тұжырымдар дала тұрғындарының өркениеті ретінде талданған;

д) көптеген мәселелер бойынша пікір мен көзқарастардағы айырмашылықтар айқынданып, сыни талдаудан өткізілген және автордың өз көзқарасы мен ұсыныстары берілген.

Бір өзі бірнеше монографиялық еңбектің жүгін көтеріп тұрған, 542 беттен тұратын бұл көлемді монографияның соңында автор 11 сүбелі қорытынды жасай отырып: «Әрине, ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы тәрізді күрделі тақырып қырларын толығымен қамтып шығу мүмкіндігі шектеулі екені белгілі. Тарихи ой-пікірлердің дамуы, деректанулық қордың шоғырлану нәтижесінде аталмыш тақырып әлі талай зерттеулердің нысанына айналары даусыз мәселе», -деп тұжырымдайды. Сөз жоқ ежелгі Қазақстан тарихының монографияда айқындалған таласты, әлі де зерттелуі қажет мәселелері археологиялық, тарихи, лингвистикалық, философиялық, теологиялық т.б. зерттеулерді қажет етеді және сонымен қатар тарихнамалық зерттеулерге негіз, алғашқы баспалдақ болады деп есептеймін.

Бұл айтылғандардың барлығы Д.С. Байгунаковтың «Ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы» атты көлемді монографиясының тарих ғылымының Қазақстандық тарихнамасы саласының дамуына қосылған елеулі еңбек екендігін айқындайды.